



Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы білім бөлімінің көрсететін мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 31 шілдедегі N 202 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 29 тамызда N 13-7-178 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 7 қарашадағы N 310 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2012.11.07 N 310 Қаулысымен

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) «Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалды кеңсеге анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

2) «Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

3) «Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

4) «Кәмелетке толмаған балаға тиесілі тұрғын үй кепілдігімен несие ресімдеу үшін банктерге рұқсаттар беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

5) «Зейнетақы қорларына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің аумақтық бөлімшелеріне кәмелетке толмаған балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

6) «Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғаншылар мен қамқоршылар органдарының анықтамалар беруі» мемлекеттік қызмет регламенттері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау «Жамбыл ауданының білім бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығына жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі С. Ыбыраев

А у д а н ә к і м д і г і н і н
2012 жылдың 31 шілдедегі № 202
қаулысымен бекітілді

«Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет Регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) білім бөлімі – «Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
- 2) білім бөлімінің басшылығы – «Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшылығы;
- 3) білім бөлімінің жауапты орындаушысы – лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес міндеттер жүктелген «Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің маманы;
- 4) тұтынушы – жеке тұлға;
- 5) ХҚКО жинақтаушы бөлімінің инспекторы – құжаттар жинауды және оларды білім бөліміне тапсыруды жүзеге асыратын халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері.
- 6) ХҚКО инспекторы – тұтынушыдан өтініштері мен құжаттарын қабылдауды жүзеге асыратын, сондай-ақ, құжаттарын беретін халыққа қызмет көрсету Орталығының қызметкері;
- 7) ХҚКО – Халыққа қызмет көрсету орталығы.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет «Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – білім бөлімі), сонымен қатар осы Регламенттің 1, 2-

қосымшаларына сәйкес тұтынушылардың мекенжайы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорын филиалының Жамбыл аудандық бөлімі - тұрғылықты орны бойынша ХҚКО-мен арқылы көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрі: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетеледі.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 22-24-баптары, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 13-бабы 3-тармағы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 66, 128-баптары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 140 қаулысымен бекітілген «Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет стандарты негізінде көрсетіледі.

7. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің аяқталу нәтижесі осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтама беру (бұдан әрі – анықтама), немесе қызмет беруден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша, сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсету барысы туралы толық ақпарат осы Регламенттің 1 және 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлардағы білім бөлімі мен ХҚКО фойелерінде орналасқан стендтерінде, сондай-ақ білім бөлімінің www.roo-zhb.sko.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тұтынушы білім бөліміне тапсырған сәттен бастап (құжаттарды қабылдау және тапсыру күндері мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді) бес жұмыс күнінде құрайды:

2) өтініш беруші жүгінген күні орында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күту уақыты 30 минуттан аспауы тиіс;

3) өтініш беруші жүгінген күні орында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің шекті уақыты 30 минуттан аспауы тиіс.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтату немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады:

1) білім бөліміне жүгінгенде – осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуін тұтынушы тарапынан ұсынылмауы;

2) ХҚКО-на жүгінгенде – білім бөліміне жүгінгенде осы Регламенттің 13-тармағында аталған құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда, құжаттар пакетін алған соң бір жұмыс күні ішінде оларды бас тарту себебінің жазба негіздемесімен ХҚКО-на қайтарады.

11. Тұтынушыға мемлекеттік қызмет алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсырғанда беріледі:

1) білім бөліміне жүгінгенде – тұтынушымен мемлекеттік қызмет алған күнінен тұратын барлық құжаттарды алғандығы туралы қолхат;

2) ХҚКО-на жүгінгенде - сәйкесінше құжаттар тапсырылғаны туралы қолхат:

1) сұрау салуды қабылдау нөмірі мен датасы;

2) сұралатын мемлекеттік қызмет түрі;

3) қоса берілген құжаттар саны мен атаулары;

4) құжаттарды беру датасы, уақыты және орны;

5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚКО инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген.

Егер тұтынушы құжаттарын алуға мерзімінде жүгінбеген жағдайда, білім бөлімі қаралған құжаттар мен дайын анықтамаларды екі ай бойына сақтайды.

ХҚКО-на жүгінгенде – анықтама тұтынушы жеке жүгінгенде ғана беріледі.

12. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыдан өтініш алған мерзімнен бастап және мемлекеттік қызмет нәтижесін беруге дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

білім бөлімі арқылы:

1) тұтынушы білім бөлімінің жауапты маманына анықтама беру жөнінде өтініш береді, білім бөлімінің жауапты маманы өтінішті тіркейді және мемлекеттік қызмет тұтынушыға құжатты алу датасынан тұратын мемлекеттік қызмет алу үшін барлық құжаттарды алғаны туралы қолхат береді және құжаттарды білім бөлімі басшылығына қарауға тапсырады;

2) білім бөлімінің басшылығы келіп түскен құжаттармен танысады, жауапты орындаушыны белгілейді, бұрыштамасын салады және құжаттарды жауапты орындаушыға жібереді;

3) білім бөлімінің жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды қарап, кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтама (бұдан әрі - анықтама) немесе дәлелді бас тарту дайындайды, оны білім бөлімінің басшылығына қол қоюға жолдайды;

4) білім бөлімі басшылығы анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қарайды, қол қояды;

5) білім бөлімінің жауапты орындаушысы анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркейді және тұтынушыға береді.

Х Қ Қ О а р қ ы л ы :

тұтынушы ХҚҚО-на анықтама алу үшін өтініш береді;

1) ХҚҚО-ң инспекторы өтінішті тіркейді, тұтынушыға сәйкесінше құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді және құжаттарды ХҚҚО-ң жинақтау орталығының инспекторына тапсырады;

2) ХҚҚО-ң жинақтау орталығының инспекторы құжаттарды жинастырып, тізім құрады, құжаттарды білім бөліміне жібереді;

3) білім бөлімінің жауапты орындаушысы алынған құжаттарға тіркеу жүргізеді және оларды білім бөлімінің басшылығына қарауға тапсырады;

4) білім бөлімінің басшылығы келіп түскен құжаттармен танысады, жауапты орындаушыны белгілейді, бұрыштама жасап, құжаттарды білім бөлімінің жауапты орындаушысына жібереді;

5) білім бөлімінің жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды қарап, кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтамалар немесе бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды, оны білім бөлімінің басшылығына қол қоюға ж о л д а й д ы ;

6) білім бөлімі басшылығы анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қарайды, құжатқа қол қояды және жауапты о р ы н д а у ш ы ғ а т а п с ы р а д ы ;

7) білім бөлімінің жауапты орындаушысы анықтаманы немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркейді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін Х Қ Қ О - н а ж і б е р е д і ;

8) ХҚҚО инспекторы тұтынушыға анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді;.

4.Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде әрекеттер (өзара әрекеттесу) тәртібін сипаттау

13. Тұтынушыға мемлекеттік қызметті алу үшін білім бөліміне немесе ХҚҚО мынадай құжаттарды тапсыру қажет:

1) осы Регламенттің 4-қосымшасына сәйкес кәмелетке толмаған баланың екі ата-анасының (ерлі-зайыптылардың) немесе оларды алмастыратын адамдардың (қорғаншылар (қамқоршылар), патронат тәрбиешілер) өтініші;

2) банк алдында міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда кепілді тұрғын үйді беру туралы екі ата-анасының (ерлі-зайыптылардың) немесе оларды алмастыратын адамдардың (қорғаншылар (қамқоршылар), патронат тәрбиешілер

) нотариалдық куәландырған өтініші, кепілді тұрғын үйді беру туралы жақын туыстарының нотариалдық расталған өтініші;

3) жылжымайтын мүлік құжаттарының түпнұсқалары мен көшірмелері (пәтер, үй, саяжай, жер телімі және т.б. (шарт, жылжымайтын мүлік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, мүліктің техникалық паспорты, тұрғылықты орны бойынша тіркелуін растайтын құжат (мекенжайлық анықтама, село және/немесе ауыл әкімдерінің анықтамасы));

4) кәмелетке толмаған балаға қатысты екі ата-анасының (ерлі-зайыптылардың) немесе оларды алмастыратын адамдардың (қорғаншылар (қамқоршылар), патронат тәрбиешілер) жеке куәліктерінің түпнұсқалары мен көшірмелері;

5) баланың (балалардың) туу туралы куәлігінің түпнұсқалары мен көшірмелері;

6) неке туралы куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі;

7) басқа да құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері (некені бұзу туралы, қайтыс болуы туралы куәлік, некеге тұрмағандығын растайтын құжат, № 4 нысан бойынша анықтама (бала некеден тыс туылған жағдайда));

8) ерлі-зайыптылардың біреуі болмаған жағдайда, оның мәміле ресімдеуді жасауға нотариуспен расталған сенімхаты.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары көшірмелерімен қоса беріледі, олар кейін тұтынушыға қайтарылады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне мынадай құрылымдық - функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) қатыстырылады:

1) ХҚКО инспекторы;

2) ХҚКО жинақтаушы бөлімінің инспекторы;

3) білім бөлімінің жауапты маманы;

4) білім бөлімінің жауапты орындаушысы;

5) білім бөлімінің басшылығы.

15. Әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (процедураларының) бірізділігі мен өзара әрекетін мәтіндік кестелік сипаттау әр әкімшілік әрекеттің (процедураның) орындалу мерзімін көрсетумен осы Регламенттің 5-қосымшасында келтірілген.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекетті көрсететін сызба осы Регламенттің 6-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі

17. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысушылар (әрі қарай – лауазымды тұлғалар) білім бөлімі және ХҚКО-ң лауазымды тұлғалары мен

басшылары мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметті сапалы және тиімді көрсетуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртібінде белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы олармен қабылданатын шешімдерге және әрекеттерге (әрекетсіздік) жауап береді.

«Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет Регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша білім бөлімі

Білім бөлімінің атауы	Заңды мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
«Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресновка селосы Шайкин көшесі 29	Күн сайын сағат 9.00-дан 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00, демалыс күндері – сенбі және жексенбі	8-(71544)-2-10-39

«Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет Регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы

Халыққа қызмет көрсету орталығының атауы	Заңды мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Халыққа қызмет көрсету орталығы» филиалының Жамбыл ауданы бойынша бөлімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресновка селосы Горький 10 «Г» оралымы	Күн сайын түскі үзіліссіз сағат 9.00-дан 19.00-ға дейін, демалыс – жексенбі	8-(71544)-2-29-16

«Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге

анықтамалар

беру»

мемлекеттік

қызмет

Регламентіне

3-қосымша

Қазақстан Республикасы «Жамбыл ауданының білім бөлімі» ММ

Қорғаншылық және қамқоршылық органдары функцияларын өзіне қамтитын «Жамбыл ауданының білім бөлімі» ММ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 22-24-баптарына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-тармағына, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 66, 128-баптарына сәйкес, кәмелетке толмаған балалар мүддесіне әрекет ететін _____

№ _____ үй № _____ мекенжайындағы пәтерді _____ рұқсат береді.

Ж а м б ы л а у д а н ы н ы ң б і л і м бөлімінің бастығы _____ қолы (аты-жөні)

М.О.
«Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет Регламентіне 4-қосымша «Жамбыл ауданының білім бөлімі» ММ

ерлі-зайыпты (Т.А.Ә., толық, қысқартусыз, жеке басын куәландыратын құжат бойынша дәл)

мекен-жайында тұратын, телефоны

Өтініш

Сізден _____ мекен-жайында орналасқан пәтерді _____ мөлшерде _____ мерзімге несиені алу үшін сатуға (айырбастауға немесе сыйға тартуға) рұқсат беруіңізді сұраймыз.

Балаларымыз:

1. _____
2. _____
3. _____

(балалардың Т.А.Ә., туған жылы, туу туралы куәліктің № көрсетіледі, 10 жастан асқан балалар қолдарын қойып, «келісемін» деген сөзді жазады)

Әкесі туралы мәліметтер _____

(Т.А.Ә., жеке куәліктің №, кім және қашан берді)

_____ қолы _____

Шешесі туралы мәліметтер _____

(Т.А.Ә., жеке куәліктің №, кім және қашан берді)

_____ қолы _____

Банктен келген хаттың № _____

Тұрғын үйден айырылған жағдайда балалар (қосымша алаңның мекен-жайы немесе балаларды өзіне алуға келісетін жақын туыстардың мекен-жайлары көрсетіледі) мекенжайында тұрады, «келешекте балаларды тұрғын үйсіз қалдырмауға міндеттенеміз» деген үзінді өз қолымен жазылады _____

Күні «__» ____ жыл Ерлі-зайыптылардың қолдары _____

«Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет Регламентіне 5-қосымша

Әрбір ҚФЕ әкімшілік әрекеттердің (шаралардың) бірізділігі мен өзара әрекеттерін мәтіндік кестелік сипаттау

1-кесте. Білім бөлімі арқылы ҚФБ іс-әрекеттерін сипаттау

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағымы) іс-әрекеттері					
Іс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	1	2	3	4	5
ҚФБ атауы	Білім бөлімінің		Білім бөлімінің жауапты		Білім бөлімінің жауапты

	жауапты маманы	Білім бөлімінің басшылығы	орындаушысы	Білім бөлімінің басшылығы	орындаушысы
Іс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қарау	Анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындау	Анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қарау	Анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушыға беру
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім)	Құжаттарды тіркеу	Келіп түскен құжаттарды анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындауға беру	Анықтама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап	Құжатқа қол қою	Тіркеу және анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру
Орындау мерзімі	30 минуттан артық емес	1 сағат	4 жұмыс күні	1 жұмыс күні ішінде	30 минуттан артық емес
Келесі іс-әрекет нөмірі	2	3	4	5	

2 кесте. ХҚКО арқылы ҚФБ әрекеттерін сипаттау

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағымы) әрекеттері			
Іс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	1	2	3
ҚФБ атауы	ХҚКО-ң инспекторы	ХҚКО-ң жинақтаушы бөлімінің инспекторы	ХҚКО-ң жинақтаушы бөлімінің инспекторы
Іс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Журналға қол қояды және құжаттарды жинайды	тізім құрады және құжаттарды білім бөліміне жібереді
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйым дастырушылық-өкімдік шешім)	Журналда тіркеу, қолхат беру	Жинақтау бөліміне құжаттар жинау	Құжаттарды білім бөліміне жіберу
Орындау мерзімі	30 минуттан артық емес	Күніне 3 рет	Күніне 2 реттен кем емес

Келесі іс-әрекет нөмірі	2	3	4
Іс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	4	5	6
ҚФБ атауы	Білім бөлімінің жауапты маманы	Білім бөлімінің басшылығы	Білім бөлімінің жауапты орындаушысы
Іс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабарлармен танысу, орындау үшін жауапты орындаушыны белгілеу	Құжаттардың толықтығын тексеру, анықтама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап рәсімдеу
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйым дастырушылық-өкімдік шешімі)	Бұрыштама салу үшін құжаттарды басшылыққа жолдау	Бұрыштама салу, жауапты орындаушыға құжаттарды жіберу	Анықтама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап
Орындау мерзімі	30 минуттан артық емес	1 сағат	4 жұмыс күні
Келесі іс-әрекет нөмірі	5	6	7
Іс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	7	8	9
ҚФБ атауы	Білім бөлімінің басшылығы	Білім бөлімінің жауапты орындаушысы	ХҚКО-ң инспекторы
Іс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттармен танысу	Анықтаманы немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркеу	Тұтынушыға анықтаманы немесе бас тарту туралы дәлелді жауап беру
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйым дастырушылық-өкімдік шешімі)	Құжаттарға қол қою	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ХҚКО-на тапсыру	Анықтама немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушыға беру туралы қолхат беру
Орындау мерзімі	1 жұмыс күні ішінде	30 минуттан артық емес	30 минуттан артық емес
Келесі іс-әрекет нөмірі	8	9	

Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс

ҚФБ 1-тобы ХҚКО-ң инспекторы	ҚФБ 2-тобы Білім бөлімінің жауапты маманы	ҚФБ 3-тобы Білім бөлімінің басшылығы	ҚФБ 4-тобы Білім бөлімінің жауапты орындаушысы
№1 әрекет. Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, өтінішті тіркеу, құжаттарды білім бөліміне жіберу үшін ХҚКО-ның жинақтаушы бөліміне жолдау	№2 әрекет. ХҚКО немесе тұтынушыдан өтініштерді қабылдау, тіркеу, өтініштерді білім бөлімі басшылығына жіберу	№3 әрекет. Бұрыштама жазу	№4 әрекет Құжаттарды қарау, анықтамаларды ресімдеу
		№5 әрекет. Құжаттарды қарап, анықтамаға қол қою	


	№ 6 әрекет. Анықтаманы ХҚКО немесе тұтынушыға тапсыру		
№ 7 әрекет. Анықтаманы тұтынушыға беру			

Пайдалану нұсқалары. Баламалы процесс


ҚФБ 1-тобы ХҚКО инспекторы	ҚФБ 2-тобы Білім бөлімінің жауапты маманы	ҚФБ 3-тобы Білім бөлімінің басшылығы	ҚФБ 4-тобы Білім бөлімінің жауапты орындаушысы
№ 1 әрекет. Құжаттарды қабылдау, колхат беру, өтінішті тіркеу, құжаттарды білім бөліміне жіберу үшін ХҚКО-ның жинақтаушы бөліміне жолдау	№ 2 әрекет. ХҚКО-дан немесе тұтынушыдан өтініш қабылдау, тіркеу, өтінішті білім бөлімінің басшылығына жіберу	№ 3 әрекет. Өтініштерді қарау, бұрыштама жазу	№ 4 әрекет Құжаттарды қарау, бас Тарту туралы дәлелді жауапты ресімдеу
		№ 5 әрекет бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	
	№ 6 әрекет. бас тарту туралы дәлелді жауапты ХҚКО немесе тұтынушыға тапсыру		
№ 7 әрекет. бас тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушыға беру			

«Кәмелетке толмаған балаларға тиесілі тұрғын үй алаңын айырбастауға немесе сатуға рұқсат беру үшін нотариалдық кеңсеге анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет Регламентіне 6-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекеттесуді бейнелейтін сызбалар
1-сызба Қызмет тұтынушының білім бөліміне жүгінгендегі ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы



2-сызба Қызмет тұтынушының ХҚКО жүгінгендегі ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы



А у д а н
 2012 жылдың 31 шілдедегі № 202
 қаулысымен бекітілді

«Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет Регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар қолданылады:

- 1) білім бөлімі – «Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
- 2) білім бөлімінің басшылығы – «Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшылығы;
- 3) білім бөлімінің жауапты орындаушысы – лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес міндеттер жүктелген «Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің маманы;
- 4) тұтынушы – жеке тұлға;
- 5) ХҚКО жинақтаушы бөлімінің инспекторы – құжаттар жинауды және

оларды білім бөліміне тапсыруды жүзеге асыратын халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері.

6) ХҚКО инспекторы – тұтынушыдан өтініштері мен құжаттарын қабылдауды жүзеге асыратын, сондай-ақ, құжаттарын беретін халыққа қызмет көрсету Орталығының қызметкері;

7) ХҚКО – Халыққа қызмет көрсету орталығы.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет «Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – білім бөлімі), сонымен қатар осы Регламенттің 1, 2-қосымшаларына сәйкес тұтынушылардың мекенжайы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорын филиалының Жамбыл аудандық бөлімі - тұрғылықты орны бойынша ХҚКО-мен арқылы көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрі: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 22-24-баптары, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 13-бабы 3-тармағы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 66, 128-баптары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 140 қаулысымен бекітілген «Қамқорлық және қорғаншылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет стандарты негізінде көрсетіледі.

7. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің аяқталу нәтижесі осы Регламенттің 3-қосымшасына сәйкес қамқорлық және қорғаншылық жөнінде анықтама беру (бұдан әрі – анықтама) немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша, сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсету барысы туралы толық ақпарат осы Регламенттің 1 және 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлардағы білім бөлімі мен ХҚКО фойелерінде орналасқан стендтерінде, сондай-ақ білім бөлімінің www.roo-zhb.sko.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

9. ХҚКО және білім бөлімінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тұтынушы тапсырған сәттен мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі (құжаттарды қабылдау және тапсыру күндері мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді) 5 жұмыс күнін құрайды.

2) өтініш беруші жүгінген күні орында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күту уақыты 30 минуттан аспауы тиіс;

3) өтініш беруші жүгінген күні орында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің шекті уақыты 30 минуттан аспауы тиіс.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтату немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады:

1) білім бөліміне жүгінгенде – осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуін тұтынушы тарапынан ұсынылмауы;

2) ХҚКО-на жүгінгенде - білім бөліміне жүгінгенде осы Регламенттің 13-тармағында аталған құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда, құжаттар пакетін алған соң бір жұмыс күні ішінде оларды бас тарту себебінің жазба негіздемесімен ХҚКО-на қайтарады.

11. Тұтынушыға мемлекеттік қызмет алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсырғанда беріледі:

1) білім бөліміне жүгінгенде – тұтынушымен мемлекеттік қызмет алған күнінен тұратын барлық құжаттарды алғандығы туралы қолхат;

2) ХҚКО-на жүгінгенде - сәйкесінше құжаттар тапсырылғаны туралы қолхат:

1) сұрау салуды қабылдау нөмірі мен датасы;

2) сұралатын мемлекеттік қызмет түрі;

3) қоса берілген құжаттар саны мен атаулары;

4) құжаттарды беру датасы, уақыты және орны;

5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚКО инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген.

Білім бөліміне жүгінген сәтте тұтынушыға көрсетілген қызметтің нәтижесін жеткізу мына түрде жүзеге асырылады: тұтынушы жеке жүгінгенде ғана анықтама беріледі.

Егер тұтынушы құжаттарын алуға мерзімінде жүгінбеген жағдайда, білім бөлімі қаралған құжаттар мен дайын анықтамаларды екі ай бойына сақтайды.

ХҚКО-на жүгінгенде – анықтама тұтынушы жеке жүгінгенде ғана беріледі.

12. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыдан өтініш алған мерзімнен бастап және мемлекеттік қызмет нәтижесін беруге дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

білім бөлімі арқылы:

1) тұтынушы білім бөлімінің жауапты маманына анықтама беру жөнінде өтініш береді, білім бөлімінің жауапты маманы өтінішті тіркейді және

мемлекеттік қызмет тұтынушыға құжатты алу датасынан тұратын мемлекеттік қызмет алу үшін барлық құжаттарды алғаны туралы қолхат береді және құжаттарды білім бөлімі басшылығына қарауға тапсырады;

2) білім бөлімінің басшылығы келіп түскен құжаттармен танысады, жауапты орындаушыны белгілейді, бұрыштама салады және құжаттарды жауапты орындаушыға жібереді;

3) білім бөлімінің жауапты орындаушысы келіп түскен құжаттарды қарап, қамқорлық және қорғаншылық жөнінде анықтама немесе, бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды, оны басшылыққа қол қоюға жібереді;

4) білім бөлімі басшылығы анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қарайды, құжатқа қол қояды;

5) білім бөлімінің жауапты орындаушысы тұтынушыға анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

Х Қ Қ О а р қ ы л ы :

тұтынушы ХҚҚО-на анықтама беру туралы өтініш береді;

1) ХҚҚО-ң инспекторы өтінішті тіркейді, тұтынушыға сәйкесінше құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді және құжаттарды ХҚҚО-ң жинақтау орталығының инспекторына тапсырады;

2) ХҚҚО-ң жинақтау орталығының инспекторы құжаттарды жинастырып, тізім құрады, құжаттарды білім бөліміне жібереді;

3) білім бөлімінің жауапты орындаушысы алынған құжаттарды тіркейді және оларды білім бөлімінің басшылығына қарауға тапсырады;

4) білім бөлімінің басшылығы келіп түскен құжаттармен танысады, жауапты орындаушыны анықтайды, бұрыштама салады және білім бөлімінің жауапты орындаушысына жібереді;

5) білім бөлімінің жауапты орындаушысы анықтама алу үшін келіп түскен құжаттарын қарап, қамқорлық және қорғаншылық жөнінде анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды, оны білім бөлімінің басшылығына қол қою үшін жолдайды;

6) білім бөлімі басшылығы анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қарайды, құжатқа қол қояды және жауапты орындаушыға тапсырады;

7) білім бөлімінің жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ХҚҚО-на жібереді;

8) ХҚҚО инспекторы тұтынушыға анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде әрекеттер (өзара әрекеттесу) тәртібін сипаттау

13. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушы қажетті құжаттарды білім бөліміне және ХҚКО келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) қамқоршы (қорғаншы) тағайындау туралы жергілікті атқарушы органдары ш е ш і м і н і ң к ө ш і р м е с і ;
- 2) қамқоршының (қорғаншының) жеке куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі;
- 3) баланың жеке тұлғасын растайтын құжаттың түпнұсқасы мен көшірмесі;
- 4) тұрғылықты орнынан анықтама.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары көшірмелерімен қоса беріледі, олар кейін тұтынушыға қайтарылады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне мынадай құрылымдық - функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) қатыстырылады:

- 1) Х Қ К О и н с п е к т о р ы ;
- 2) ХҚКО жинақтаушы бөлімінің инспекторы;
- 3) білім бөлімінің жауапты маманы;
- 4) білім бөлімінің жауапты орындаушысы;
- 5) білім бөлімінің басшылығы.

15. Әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (процедураларының) бірізділігі мен өзара әрекетін мәтіндік кестелік сипаттау әр әкімшілік әрекеттің (процедураның) орындалу мерзімін көрсетумен осы Регламенттің 4-қосымшасында келтірілген.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекетті көрсететін сызба осы Регламенттің 5-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі

17. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысушылар (әрі қарай – лауазымды тұлғалар) білім бөлімі және ХҚКО-ң лауазымды тұлғалары мен басшылары мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметті сапалы және тиімді көрсетуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртібінде белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы олармен қабылданатын шешімдерге және әрекеттерге (әрекетсіздік) жауап береді.

«Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру»

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша білім бөлімі

Білім бөлімінің атауы	Заңды мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
«Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресновка селосы Шайкин көшесі 29	Күн сайын сағат 9.00-дан 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00, демалыс күндері – сенбі және жексенбі	8-(71544)-2-10-39

«Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік қызметіне Регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы

Халыққа қызмет көрсету орталығының атауы	Заңды мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Халыққа қызмет көрсету орталығы» филиалының Жамбыл ауданы бойынша бөлімі	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресновка селосы Горький 10 «Г» оралымы	Күн сайын түскі үзіліссіз сағат 9.00-дан 19.00-ға дейін, демалыс – жексенбі	8-(71544)-2-29-16

«Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік қызметіне Регламентіне 3-қосымша

№ _____ АНЫҚТАМА

Осы анықтама _____ қаласы _____ көшесі, №__ үй, №__ пәтерде тұратын азамат (азаматша) _____ ол шын мәнінде (қала, аудан) әкімінің 200__ жылғы «__» _____ № _____ шешіміне сәйкес 19__ жылғы «__» _____ туылған _____

және оның мүлкіне (мүлкінің тізімдемесі істе тігулі, мүлкі жоқ) қорғаншы (қамқоршы) болып тағайындалды.

Қорғаншыға (қамқоршыға) қамқорлыққа алынушыны тәрбиелеу, оқыту, қоғамдық пайдалы қызметке даярлау және оның жеке мүліктік құқықтарын

қорғау және сақтау, сотта және барлық мемлекеттік мекемелерде арнайы өкілеттісіз оның өкілі болу туралы міндеті жүктеледі.

Ж а м б ы л а у д а н ы н ы ң б і л і м
бөлімінің бастығы

МО
«Қорғаншылық және қамқоршылық
жөнінде анықтамалар беру»
мемлекеттік қызмет Регламентіне
4-қосымша

Әрбір ҚФЕ әкімшілік әрекеттердің (шаралардың) бірізділігі мен өзара әрекеттерін мәтіндік кестелік сипаттау

1-кесте. Білім бөлімі арқылы ҚФБ іс-әрекеттерін сипаттау

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағымы) іс-әрекеттері					
Іс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	1	2	3	4	5
ҚФБ атауы	Білім бөлімінің жауапты маманы	Білім бөлімінің басшылығы	Білім бөлімінің жауапты орындаушысы	Білім бөлімінің басшылығы	Білім бөлімінің жауапты орындаушысы
Іс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қарау	Анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындау	Анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қарау	Анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушыға беру
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйымдастырушылық-өкімдік шешім)	Құжаттарды тіркеу	Келіп түскен құжаттарды анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дай	Анықтама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап	Құжатқа қол қою	Тіркеу және анықтама беру немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы

		ындауға беру			дәлелді жауап беру
Орындау мерзімі	30 минуттан артық емес	1 сағат	4 жұмыс күні	1 жұмыс күні ішінде	30 минуттан артық емес
Келесі іс-әрекет нөмірі	2	3	4	5	

2 кесте. ХҚКО арқылы ҚФБ әрекеттерін сипаттау

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағымы) әрекеттері			
Іс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	1	2	3
ҚФБ атауы	ХҚКО-ң инспекторы	ХҚКО-ң жинақтаушы бөлімінің инспекторы	ХҚКО-ң жинақтаушы бөлімінің инспекторы
Іс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Журналға қол қояды және құжаттарды жинайды	тізім құрады және құжаттарды білім бөліміне жібереді
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйым дастырушылық-өкімдік шешім)	Журналда тіркеу, қолхат беру	Жинақтау бөліміне құжаттар жинау	Құжаттарды білім бөліміне жіберу
Орындау мерзімі	30 минуттан артық емес	Күніне 3 рет	Күніне 2 реттен кем емес
Келесі іс-әрекет нөмірі	2	3	4
Іс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	4	5	6
ҚФБ атауы	Білім бөлімінің жауапты маманы	Білім бөлімінің басшылығы	Білім бөлімінің жауапты орындаушысы
Іс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабарлармен танысу, орындау үшін жауапты орындаушыны белгілеу	Құжаттардың толықтығын тексеру, анықтама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап рәсімдеу
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйым дастырушылық-өкімдік шешімі)	Бұрыштама салу үшін құжаттарды басшылыққа жолдау	Бұрыштама салу, жауапты орындаушыға құжаттарды жіберу	Анықтама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап
Орындау мерзімі	30 минуттан артық емес	1 сағат	4 жұмыс күні
Келесі іс-әрекет нөмірі	5	6	7
Іс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	7	8	9
ҚФБ атауы	Білім бөлімінің басшылығы	Білім бөлімінің жауапты орындаушысы	ХҚКО-ң инспекторы
		Анықтаманы немесе бас Тарту туралы	

Іс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттармен танысу	дәлелді жауапты тіркеу	Тұтынушыға анықтаманы немесе бас Тарту туралы дәлелді жауап беру
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйым дастырушылық-өкімдік шешімі)	Құжаттарға қол қою	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ХҚКО-на тапсыру	Анықтама немесе бас Тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушыға беру туралы қолхат беру
Орындау мерзімі	1 жұмыс күні ішінде	30 минуттан артық емес	30 минуттан артық емес
Келесі іс-әрекет нөмірі	8	9	

Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс

ҚФБ 1-тобы ХҚКО-ң инспекторы	ҚФБ 2-тобы Білім бөлімінің жауапты маманы	ҚФБ 3-тобы Білім бөлімінің басшылығы	ҚФБ 4-тобы Білім бөлімінің жауапты орындаушысы
№1 әрекет. Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, өтінішті тіркеу, құжаттарды білім бөліміне жіберу үшін ХҚКО-ның жинақтаушы бөліміне жолдау	№ 2 әрекет. ХҚКО немесе тұтынушыдан өтініштерді қабылдау, тіркеу, өтініштерді білім бөлімі басшылығына жіберу	№ 3 әрекет. Бұрыштама жазу	№ 4 әрекет Құжаттарды қарау, анықтамаларды ресімдеу
		№ 5 әрекет. Құжаттарды қарап, анықтамаға қол қою	
	№ 6 әрекет. Анықтаманы ХҚКО немесе тұтынушыға тапсыру		
№ 7 әрекет. Анықтаманы тұтынушыға беру			

Пайдалану нұсқалары. Баламалы процесс


ҚФБ 1-тобы ХҚКО инспекторы	ҚФБ 2-тобы Білім бөлімінің жауапты маманы	ҚФБ 3-тобы Білім бөлімінің басшылығы	ҚФБ 4-тобы Білім бөлімінің жауапты орындаушысы
№ 1 әрекет. Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, өтінішті тіркеу, құжаттарды білім бөліміне жіберу үшін ХҚКО-ның жинақтаушы бөліміне жолдау	№ 2 әрекет. ХҚКО-дан немесе тұтынушыдан өтініш қабылдау, тіркеу, өтінішті білім бөлімінің басшылығына жіберу	№ 3 әрекет. Өтініштерді қарау, бұрыштама жазу	№ 4 әрекет Құжаттарды қарау, бас Тарту туралы дәлелді жауапты ресімдеу
		№ 5 әрекет	

		бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	
	№ 6 әрекет. бас тарту туралы дәлелді жауапты ХҚКО немесе тұтынушыға тапсыру		
№ 7 әрекет. бас тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушыға беру			


«Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет Регламентіне 5-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекеттесуді бейнелейтін сызбалар

1-сызба Қызмет тұтынушының білім бөліміне жүгінгендегі ҚФБ іс - әрекеттерінің сипаттамасы



2-сызба Қызмет тұтынушының ХҚКО жүгінгендегі ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы



А у д а н

2012 жылдың

31

шілдедегі

ә к і м д і г і н і ң

№ 202

қаулысымен бекітілді

«Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет Регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар қолданылады:

- 1) білім бөлімі – «Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
- 2) білім бөлімінің басшылығы – «Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшылығы;
- 3) білім бөлімінің жауапты орындаушы – лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес міндеттер жүктелген «Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің маманы;
- 4) тұтынушы – жеке тұлға.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

